

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жабайы аңдар

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.11.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/62888/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қызылорда қаласы Қармақшы ауданы
№ 3 «Ертөстік» бөбекжай-бақша
Тәрбиеші : Қорабаева Айгүл
II-санатты тәрбиеші

Білім беру саласы : Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі : Жаратылыстану

Тақырыбы : Жабайы аңдар

Мақсаты :

1. Білімділік: Әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту;

2. Дамытушылық : Жабайы аңдарға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, балалардың ой - өрісін дамыту;

3. Тәрбиелік: Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, аңдардың түрлеріне көңіл аудартып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі : Суреттер , дамытушы ойыншықтар .

Әдіс тәсілі : Көрсету , үйрету , түсіндіру .

Қостілді компонент: Аю- медведь, қоян-заяц , қасқыр-волк, түлкі-лиса.

Ұйымдастыру кезеңі Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық қозғаушы	-Балалар сендердің көңіл күйлерің қалай ? -Олай болса жақсы көңіл күймен оқу қызметімізді бастайық. -Мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр , шешуін табамызба ?	Жақсы
	Балалар енді біз кубикпен ойнаймыз. Мен сендерге жұмбақ жасырамын сендер кубиктегі суреттер арқылы жұмбақтың жауабын табасындар .	Иә түлкі қоян аю қасқыр
	Ең айлакер аң... Ең қорқақ аң... Балды жақсы көретін... Қораға шабатын аң... Үстінде тікенегі бар... талдан талға секіріп жаңғақ жинайтын аң Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы : «Жабайы аңдар» деп аталады <i>Слайд арқылы суреттерін көрсету.</i>	кірпі тиын
	Бұл жануарларды балалар біз «Жабайы аңдар» деп атаймыз. Жабайы аңдар елсіз далада болады. Өз азығын өзі тауып жейді. Ол күннің суығында да, ыстығында да далада жүріп өмір сүреді. Табиғатта жабайы аңдардың түрі көп. Олардың ішінде пайдалысы да, зияндысы да бар. Қасқыр мен түлкі, жолбарыс пен арыстан жыртқыш аңдар. Тістері өткір, көздері қырағы жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан – ақ иісінен сезеді. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Олар қыста ұйықтамайды. Ал аюға келетін болсақ, аюудың екі түрі бар. Ақ аю, қоңыр аю. Ақ аю – суда мекендейді. Суға сүңгіп, балықтарды ұстап жейді. Ал қоңыр аю тоғайда, орманда мекендейді. Жеміс – жидектерді теріп жейді. Қоян – ең қорқақ аң. Қоян ағаштардың қуысында қыстайды. Қорегі түрлі шөптер, ағаш қабықтары. Ол жылы тонының арқасында суыққа тоңбайды.	
	Қостілді компонент: Аю- медведь, қоян-заяц , қасқыр-волк , түлкі-лиса	
	« Балаларын ата » Қасқырдың баласы-Бөлтiрiк Аюдың баласы -қонжық Қоянның баласы -қонжық Түлкінің баласы -мыршай Арыстанның баласы -Абдан	
	Балалар енді барлығымыз ойын ойнап жіберейік.	Қостілді компонентті қайталады айтты
	Дид-қ ойын Тақырыбы :Өз орындарын тап Мақсаты : Суреттердегі аңдарды өз орындарына апарып орналастыру .	Сұраққа жауап берді
	Дид-қ ойын Тақырыбы :Аңдар немен қоректенеді Мақсаты : әр аңның сүіп жейтін тағамын табу Сергіту сәті Ыстық доп ойыны Мақсаты : Сұрақтарға шапшаң жауап беруге үйрету	Ойынға белсене араласты
		Ойынға белсене араласты
		Сергіту сәтін орындады

- Рефлексік — түзету**
1. «Жабайы аңдар» деп неге айтамыз?
 2. Жабайы аңдарды ата?
 3. Олар немен қоректенеді?
 4. Жабайы аңдардың балаларын атаңдар ?

Сұрақтарға жауап берді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Аңдарды бір бірінен ажырата біледі

Игеру керек: Жабайы аңдар туралы толық мағұлматты игерді

Үйрену керек: Көру ,есту, түсіну арқылы өз бетімен іс-әрекет жасауды үйренді

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.